

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АЛАШТАНУ

*Бажикеев К. К. – Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан.*

*Мақалада қазақ әдебиеттану ғылымында Алаш қайраткерлерінің әдеби мұрасын тәуелсіздік алған күннен бастап бүгінге дейін зерттеп, саралаған зерттеу еңбектері қарастырылып, Алаш арыстары әдеби мұраларының тәуелсіздік кезеңінде зерттелуіне үлес қосқан қазақ әдебиеттанушыларының зерттеулеріне баға беріліп, талдау жасалады. Бұл зерттеу жұмысында тәуелсіздік жылдарында жарық көрген, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды тұлғалардың өмірі мен шығармашылығындағы әр түрлі мәселелерді әр қырынан қарастырған еңбектердің негізгі сипаттары зерттеліп, танымдық-тақырыптық арналары айқындалды. Әдебиеттанушылардың Алаш зиялылары туралы пікірі мен көзқарастары жаңа уақыт талаптары тұрысынан сараланады.*

*Кілт сөздер: тәуелсіздік, әдебиеттану, әдеби мұра, Алаш қайраткерлері.*

XX ғасырдың соңына дейін Алашорда үкіметі, Алаш өкілдері туралы таза тарихи шындық бұрмаланып келгені мәлім. Жарты ғасырдан астам уақыт бойында олардың есімдерін атаудың өзіне тыйым салынды. Аталған күннің өзінде оларды халықтың дұшпаны, Кеңес үкіметінің жауы ретінде танытты және бұл көзқарастың өзгертілмеуі үкімет тарапынан қадағаланып отырды. Ал еліміз егемендігін алған соң, оның мәдени-рухани өмірінде күрт өзгерістер байқалды. Ең алдымен ұлттық тарихқа көзқарас өзгерді. Жаңа уақыт талаптары тарихқа жіті қарауды міндеттеді. Бұл жайттарды тәуелсіздік талаптары еселеп арттыра түсті. Екіншіден, «Алашорда» ұғымына, «алашордашыларға» деген көзқарас өзгерді.

Бұрын ғалымдар ақын-жазушылардың Алашордаға, Алаш өкіметімен байланысын айтудан ат тонын ала қашса, енді сол қаламгерлердің азаматтық бейнесін, қайраткерлік қырын айқындайтын қасиет ретінде бағаланады. Мысалы, Алаш зиялылары туралы әдебиет зерттеушісі, академик Р.Нұрғали: «...сол заманғы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем соқпайтын, әр түрлі ғылым негіздерін меңгерген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді» деп жоғары баға береді [1, 424]. Немесе С.Қирабаевтың: «Алашорданың құрылуы қазақ оқығандарының ғасыр басынан бастаған отаршылдыққа қарсы, тәуелсіздікті жақтаған, елді көрсоқыр надандықтан білім-өнер жолына түсіруді аңсаған идеяларының көрінісі еді» деген сөзі осының айғағы [2, 26]. Бұл, әрине, Алашордаға деген көзқарастың тарихи-саяси тұрғыдан өзгеруінің жемісі.

Асылы, Алаш мұраты мен мұрасы – мәңгілік мәселе. Мұнда өз тарихымыз бен тағдырымыз бар. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен тұста Алашорданың, алаш зиялыларының қазақ әдебиеті тарихында, мәдениеті мен қоғам дамуындағы тағылымы жайлы, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің әдеби көркемдік дамуы, оның ішінде алаш ұранды қазақ әдебиетінің мәні мен маңызы, азаттық сипаты мен көркемдік табиғаты жайлы Т.Кәкішевтің «Кер заманның кереғар ойлары», «Сандалтқан «Садақ», «Санадағы жаралар», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», С.Қирабаевтың «Әдебиеттің ақтаңдақ беттері», «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», Ш.Елеукуновтың «Әдебиет және ұлт тағдыры», Р.Нұрғалидың «Әуезов және Алаш», «Алашординцы», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», Б.Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау», А.Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы», Р.Тұрысбектің «Ж.Аймауытов және 20 жылдардағы қазақ прозасы», «Сөз сарасы», Ө.Әбдімановтың «Қазақ» газеті», «Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты», З.Бейсенғалидың «XX ғ. басындағы қазақ романы», Д.Қамзабекұлының «Тәуелсіздіктің рухани тұғыры», «Алаш және әдебиет», Т.Жұртбайдың «Ұраным – Алаш» т.б. көптеген зерттеу еңбектері дүниеге келді. Бұл еңбектерде XX ғасыр басындағы саяси, мәдени оқиғалар, әдеби үдеріс және оған Алаш арыстарының қатысы, Алаш қайраткерлерінің сол тұстағы қоғамдық өмір мен әдеби дамуға әкелген жаңалықтары, түрлі әдеби жанрлар мен қазақ ғылымын дамытудағы рөлі, осы жолдардағы бастарынан өткерген қуғын-сүргіндері заман шындығымен сабақтастықта зерделенеді. Алаш арыстарының қоғамдық-саяси, әдеби қызметтері қазақ ағартушылығы, баспасөздің дамуы, әдебиеттану мен сынның контекстінде кешенді талданады. Сонымен қатар «Алаш қозғалысы» (2008) атты құжаттар мен материалдар жинағы, «Алаш қозғалысы» (2008) энциклопедиясы, он томдық «Алаш көсемсөзі» (2010), бес томдық «Алаш ақиықтары» (2005) атты еңбектер осы дәуір шындығы мен Алаш зиялылары жайында кең мағұлмат беруге үлкен үлес қосты. Мәселен, он томдық «Алаш көсемсөзінде» (2010) Алаш зиялыларының «Қазақ», «Айқап» басылымдарынан бөлек «Шолпан», «Сана», «Жас Түркістан», «Таң», «Абай», «Сарыарқа» газет-журналдарында жарияланған күллі ғылыми мұралары қамтылған.

Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным – Алаш» атты зерттеу еңбегінде көшбасшысы Ә.Бөкейхан болған «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен жүргізілген барлық тергеу амалдары сөз болады. Ұзақ жылдар аралығында, 1988-1991, 1997 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде мұрағат деректерімен танысу мүмкіндігіне ие болған ғалым осы арқылы Әлихан бастаған

Х.Ғаббасов, Д.Әділов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Е.Омаров сынды алаш ардагерлерінің басынан өткен ауыр, күрделі кезенді тарихи құжаттар тілімен баяндай отырып, көпшілікке беймәлім біраз сырдың басын ашады [3].

Ө.Әбдиманұлының «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея» еңбектерінің ұлттық сананы оятудағы, отаршылдыққа қарсы күрес жолындағы XX ғасыр басындағы Алаш азаматтарының болмысын, шығармашылығын талдаудағы мәні ерекше. Ғалым «XX ғасыр басындағы әдебиеттің басты белгісі – ең алдымен, азаттыққа ұмтылу, соған «ояту» әдебиеті болғандығында деп тануымыз керек» деп арысы түркі дәуірі, жыраулар поэзиясынан, берісі Махамбет, зар заман ақындары мен Абайлардан желі тартатын ұлт-азаттық идеяның шырқау биікке көтерілген кезі ретінде көрсетеді [4, 28].

Әдебиетші, алаштанушы А.Ісімақова «Алаш әдебиеттануы» (2009) еңбегінде XX ғасыр басындағы Алаш Арыстары қатысуымен жасалған әдеби-сыни, теориялық еңбектерге тоқталады. Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгеров, С.Садуақасов, Ы.Мұстамбаев, Қ.Жұбанов сынды Алаш зиялыларының кәсіби қазақ әдебиеттануын жасаудағы еңбектеріне, ғылыми-теориялық ой-тұжырымдарына тұңғыш рет жеке-жеке, жан-жақты тоқталады. Зерттеуші «Біз үшін қазақ әдебиеттану ғылымы кәсіби ғылым ретінде сонау XX ғасыр басында Алаш ғалымдары зерттеулерінде толық қалыптасқан» деген пікір білдіре отырып, осы пікірін зерттеу барысында дәлелдеп шығады [5, 8].

Белгілі жазушы, журналист Ж.Бектұровтың «Ақиқаты осы еді» (1995), «Енеден айырылған төл секілді» (2002) атты естелік кітаптарында Әлихан, Әлімхан, Мағжан, Сәкен сынды Алаш арыстарының ауырлыққа толы ғұмыры, отбасы, ұрпақтары турасында мол деректер келтіріледі.

Тәуелсіздік жылдары XX ғасыр басындағы әдебиет пен Алаш зиялыларының шығармашылығын зерттеу арнасына орай, көркемдік әдеби дамуға сәйкес жалпылама тұтастықта, әдеби бірлікте қарастырған еңбектермен қатар, әр Алаш қайраткерінің ғұмыры мен шығармашылығын, ғылыми мұрасын жекелей зерттеу нысаны етіп алған шығармалар да көптеп жарық көрді. Осының нәтижесінде ұлттық әдебиеттануда ахметтану, шәкәрімтану, әлихантану, мағжантану, жүсіпбектану сынды ілімдер қалыптасып, көлемді зерттеулер мен монографиялар басылып шықты. Бұл өз кезегінде әр дарынның шығармашылығы мен қайшылықты ғұмырын егжей-тегжейлі зерттеуге, оның көркемдік дамуға, әдебиетке қосқан үлесін, шығармашылық болмысын тануға, тарихи, әдеби тұлғасын, әдебиет әлеміндегі өзіндік орнын айқындауға мүмкіндік беретінін айтуымыз керек.

Тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиеттанудағы ахметтану ілімі Ж.Ысмағұлов, Ө.Әбдиманұлы, Р.Сыздықова, Р.Имаханбетова, А.Ісімақова, С.Дәуітов, З.Ахметов сынды ғалымдар зерттеулері арқылы жандана түсті. Белгілі тарихшылар К.Нүрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбековтер А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметіне, ұлт күрескері ретіндегі болмысына кеңірек тоқталса, әр түрлі ғылым саласы бойынша зерттеулер осы саладағы ізденіс ауқымын ұлғайтты. Бұл бағытта Т.Қасенов «Мысал жанрының стилі мен тілі» (А.Байтұрсынұлы. «Қырық мысал») (1994) және А.Қыдыршаев «А.Байтұрсынұлының әдістемелік әлемі» (1995), А.Машақанова «А.Байтұрсынұлы – қазақ жазушының реформаторы» (1996), К.Ашеекеева «А.Байтұрсынұлының философиялық көзқарастары» (2003), Г.Ерназарова «Қазақ публицистика тілінің дамуындағы А.Байтұрсынұлы кезеңі» (2004), Қ.Ибраимов «А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» (2005) атты тақырыптарда диссертациялық еңбектер жазылды. 2003-2005 жылдары А.Байтұрсынұловтың бес томдық шығармалары, 2013 жылы профессор А.Ісмақованың құрастыруымен алты томдық шығармалар жинағы баспа бетін көрді. Ал әдебиеттану әлемінде Р.Сыздықованың «А.Байтұрсынұлов» (1990), Ө.Әбдиманұлының «А.Байтұрсынұлы» (2007), Р.Имаханбетованың «Ғасыр саңлағы: А.Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» (2010), Ұ.Еркінбаевтың «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008), А.Ойсылбайдың «Әдебиет танытқыштағы» қазіргі әдебиет теориясы» (2015) атты зерттеу-монографиялары ұлт ұстазының ғибратты ғұмыры мен сан алуан ғылыми мұрасына терең үңіліп, әдебиет пен ғылымға қосқан үлесін саралайды. Шығармаларына теориялық тұрғыда талдау жасайды.

Егемендік жылдары ұлттық әдебиеттануда алаш қайраткері, дарынды қаламгер, драматург Ж.Аймауытұлы мен оның ғылыми мұрасы туралы бірқатар зерттеу еңбектері, оқулықтар жазылды. Жазушының бес томдық (2005), алты томдық шығармалары (2012) жарық көрді. С.Қирабаевтың «Ж.Аймауытов», Р.Тұрысбектің «Жүсіпбек», «Ж.Аймауытұлының әсемдік әлемі», «Ж.Аймауытов және 20 жылдардағы қазақ прозасы», Н.Қуантайұлының «Алашорда баспасөзі және Ж.Аймауытұлы» сынды оқулық, монографияларда қаламгердің сан салалы шығармашылығы талданып, сараланды. Дегенмен бұл еңбектер жүсіпбектанудағы барлық мәселелерді қамтыған деп айта алмаймыз. Алаш арысының әдебиет пен ғылымның әр саласындағы қызметі жеке-жеке зерттеулерді қажет етері сөзсіз.

Қазақтың Абайдан кейінгі талантты ақыны М.Жұмабаев ақталғаннан бері ақын туралы ірілі-уақты біршама зерттеу еңбектері жазылды. Ш.Елеуенов, Т.Кәкішев, Б.Қанарбаева, Б.Майтанов, Е.Тілешов, З.Тайшыбай, Д.Ысқақұлы сынды ғалымдар мағжантанудың негізін түзеді. Тәуелсіздік жылдары әр ауқымдағы мақалалардан бөлек ақын өмірі мен шығармашылығын арқау еткен Ш.Елеуеновтың «Мағжан», Б.Қанарбаеваның «Мағжан – символист», ««Мағжан шығармашылығының фольклорлық қырлары», Т.Кәкішевтің «Мағжан мен Сәкен», Е.Тілешовтың «Мағжан поэзиясындағы романтизм»,

Б.Майтановтың «М.Жұмабаев поэтикасы», Д.Ысқақұлының «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған!», Б.Жетпісбаеваның «Образные миры М.Жумабаева», З.Тайшыбайдың «Мағжанның Қызылжары» атты еңбектері жарық көрген болатын. Сонымен қатар ғалымдар құрастыруымен ақынның үштомдық (1995, 2005), екітомдық (2013) шығармалар жинағы оқырманға жол тартты.

Алаш арысы, ақын М.Дулатов жайында Г.Дулатова, М.Әбсеметов, Ж.Ысмағұлов, Р.Нұрғали, З.Бисенғали, Қ.Әлім сынды әдебиетші-ғалымдардың мақалалары мен зерттеулері жарияланды. Десек те басқа да Алаш зиялыларына қарағанда міржақыптанудағы зерттеулердің аздығы байқалады. Бұл тұрғыда М.Дулатов өмірі мен шығармашылығын жекелей зерттеп қарастырған ақынның қызы Гүлнәр Міржақыпқызы мен міржақыптанушы М.Әбсеметовтың еңбектерін ерекше айтуға болады. Ақын шығармаларын бастырып, жариялауда да аталған тұлғалар көп еңбек сіңірді. М.Әбсеметов құрастыруымен «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы (1991), Г.Дулатова, Ж.Ысмағұлов құрастыруымен шығармалар жинағы (1991) басылып шықты. 1997, 2010 жылдары алаш қайраткерінің шығармалары тағы бір мәрте жарық көрді.

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» көсемі, ұлт лидері Ө.Бөкейханның кесек тұлғасы мен әмбебап ғылыми мұрасын зерттеуде Р.Нұрғали, М.Базарбаев, М.Қойгелдиев, Т.Кәкішев, С.Аққұлұлы, Т.Жұртбай, Д.Қамзабекұлы, Ж. Смағұлов, Б.Қойшыбаев сынды ғалым-зерттеушілердің еңбегі ерекше. Аталған әдебиеттанушы, тарихшылар зерттеулері негізінде ұлт көсемі ғұмыр кешкен дәуір, Алаш қозғалысы, Ө.Бөкейханның ғылыми-әдеби мұралары жан-жақты талданып-сараланып, шығармалары баспа бетін көріп, осы зерттеулер нәтижесінде Алаш ардақтысының тарихи, әдеби тұлғасы кеңінен ашылып, бағаланды. 1994 жылы М.Қойгелдиев құрастыруымен Алаш көсемінің тұңғыш шығармалар жинағы, араға жыл салып таңдамалы шығармалары (1995) әдебиетшілер М.Базарбаев, С.Аққұлұлылардың құрастыруымен жарық көрді.

Тәуелсіздік жылдары жоғарыда аталған алаш зиялыларынан бөлек С.Садуақасов, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов, Ғ.Қарашев сынды айтулы Алаш азаматтарының ұлт үшін атқарған істері бағаланып, шығармашылықтары мен әдеби мұралары зерттеліп-зерделенді. С.Садуақасұлының екітомдық шығармалары (2003), Қ.Кемеңгеровтың үштомдық шығармалар жинағы (2006), (2013) баспа бетін көрді. Профессор Д.Қамзабекұлының «Смағұл Садуақасұлы (1996), «Смағұл Садуақасов» (2009) атты екі бірдей зерттеу еңбегі жарық көріп, С.Садуақасов есімі алғаш рет жекелей зерттеу нысанына алынды. Аталған еңбектерде С.Садуақасовтың ғұмырбаяны, сыншылық, жазушылық қыры, күллі әдеби-көсемсөзді мұрасы тұтас күйінде сараланған. Автор Алаш қайраткерінің қоғамдық қызметі мен шығармашылығын мұрағат деректері негізінде ғылыми тұрғыда байыптап, бағалайды. Ғалым С.Садуақасұлының әдеби-сын еңбектерін, көркем шығармалары мен көсемсөздерін және ұлт театрын құрудағы еңбегін жекелеген тарауларда қарастыра келе, С.Садуақасұлы мен оның бай мұрасын «саяси қайраткер ретінде», «әдебиетші ретінде», «еңбектерін тарихи дерек көзі ретінде», «әр түрлі шаруашылыққа қатысты зерттеулерін жеке», «ағартушы ретінде», «ұлттық журналистиканы дамытқан көсемсөзші ретінде» алты бағытта зерттеп, бағалау керектігін болашақ смағұлтану ғылымының алдына міндет етіп қояды.

Ойымызды жинақтай келгенде, тәуелсіздіктің әдебиеттегі «ақтаңдақ беттер» Алаш зиялылары үшін тағылымы қандай болды деген сұрақ туады.

Алдымен, қаншама жыл бойы құрсауда болған шығармашылық ой сыртқа шықты, тыйым салынған ойлар мен пікірлер айтылды.

Екіншіден, әдебиеттің тұтас бір дәуіріне – күрделі әрі қайшылығы мол дәуіріне қатысты жаңа деректер, тың ой-пікірлер, толымды ғылыми жинақтаулар қосылды.

Үшіншіден, Алаш арыстары мен олардың әдеби шығармашылық қызметінен бөлек, қоғамдық қайраткерлік қызметтері, тіл мен ділді, жер мен елді сақтаудағы қызметтері барынша сөз бола бастады.

Төртіншіден, әдебиеттің өткенін бағалауда бүгінгі күннің көзқарасы, тәуелсіз санамен жаңаша зерттеп, зерделеу бой көтерді.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Нұрғали Р.** Әуезов және алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух. – Алматы: Санат, 1997. – 432 б.
2. **Қирабаев С.** Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 447 б.
3. **Жұртбай Т.** Ұраным – Алаш. – Алматы: Ел-шежіре, 2018. – 381 б.
4. **Әбдиманұлы Ө.** Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.
5. **Ісімақова А.** Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 559 б.